



Б.А. Құлмұханбетова

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖЫНЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУЫ (КАНАДА, АҚШ МЫСАЛЫНДА)

Аннотация. Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру ерекше өзекті болып табылады. Мақалада Канада мен АҚШ-тың жалпы және кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру тәжірибесіне шолу жасалады. Бұл шолу «Балаларды интернеттегі жыныстық қанаудан қорғаудың ұлттық стратегиясы», «Жынысына байланысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес стратегиясы», «2019-2024 жылдарға арналған Адам саудасына қарсы күрес стратегиясы», «Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты тоқтатудың канадалық жол картасы» сияқты Канададағы балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі ұлттық стратегияларды талдауға негізделген. АҚШ-тың «Балаларды қорғау және қауіпсіздігі туралы» Федералды Заңы жыныстық қылмыскерлерді тіркеу жүйесін, ДНҚ мәліметтер базасын, балаларды қорғауға арналған гранттар бағдарламаларын және жыныстық қылмыскерлер мен балаларды қудалайтындардың іс-әрекеттерін болдырмауға және оларды жазалауға бағытталған басқа да бастамаларды қарастырады. Қазақстанда қолданылатын шараларды ескере отырып, автор Канада мен АҚШ тәжірибесін имплементациялау бойынша шараларды ұсынады.

Түйінді сөздер: ДНҚ мәліметтер базасы; қылмыскер туралы мәліметтер базасы; құрбан болу; қауіпсіздік шаралары; жыныстық қылмыскерлерді бақылау; жыныстық қылмыскерлерді тіркеу; жыныстық қанау; балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық.

Б.А. Кулмуханбетова

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ СЕКСУАЛЬНОГО НАСИЛИЯ В ОТНОШЕНИИ ДЕТЕЙ В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ (НА ПРИМЕРЕ КАНАДЫ, США)

Аннотация. Противодействие сексуальному насилию особенно в отношении несовершеннолетних является актуальной проблемой. В статье дается обзор опыта Канады и США в противодействии сексуальному насилию в целом и в отношении несовершеннолетних в частности. Данный обзор основан на анализе национальных стратегий Канады по борьбе с сексуальным насилием в отношении детей, таких как Национальная стратегия защиты детей от сексуальной эксплуатации в Интернете; Стратегия предотвращения и борьбы с насилием по признаку пола; Стратегия борьбы с торговлей людьми на 2019-2024 годы; Канадская дорожная карта по прекращению насилия в отношении детей. На основе Федерального закона США «О защите и безопасности детей» рассмотрены система регистрации сексуальных преступников, базы данных ДНК, программы грантов на защиту детей и другие инициативы, направленные на предотвращение действий сексуальных преступников и тех, кто преследует детей и их наказание. С учетом действующих мер в Казахстане автором предлагаются меры по имплементации опыта Канады и США.

Ключевые слова: база данных ДНК; база данных о преступнике; виктимизация; меры безопасности; отслеживание сексуальных преступников; регистрация сексуальных преступников; сексуальная эксплуатация; сексуальное насилие в отношении детей.



B.A. Kulmukhanbetova

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Koshy c., the Republic of Kazakhstan*

PREVENTION OF SEXUAL VIOLENCE AGAINST CHILDREN IN FOREIGN COUNTRIES (USING THE EXAMPLE OF CANADA, USA)

Abstract. Countering sexual violence, especially against minors, is relevant. The article provides an overview of the experience of Canada and the United States in countering sexual violence in general and against minors in particular. This review is based on an analysis of Canada's national strategies to combat sexual violence against children, such as the National Strategy for the Protection of Children from Sexual Exploitation on the Internet; the Strategy to Prevent and Address Gender-Based Violence; the Strategy to Combat Human Trafficking 2019-2024; The Canada's Roadmap to End Violence Against Children. On the basis of the US Federal Law «On the Protection and Safety of Children», the system of registration of sex offenders and DNA databases, child protection grant programs and other initiatives aimed at preventing the actions of sex offenders and those who persecute children and their punishment are considered. Taking into account the existing measures in Kazakhstan, the author suggests measures to implement the experience of Canada and the USA.

Keywords: DNA database; criminal database; victimization; security measures; sex offenders tracking; sex offenders registration; sexual exploitation; sexual violence against children.

DOI: 10.52425/25187252_2022_26_48

Кіріспе. Жалпы әлемдік қоғамдастықтың және әрбір мемлекеттің алдында тұрған өткір мәселелердің бірі – балалардың жыныстық қол сұғушылықтан қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балалардың жыныстық қауіпсіздігіне қатысты қылмыстың дамуындағы қолайсыз тенденциялар [1] бұл мәселені шешудің тиімді жолдарын іздеуді талап етеді. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қол сұғатын қылмыстарға қарсы іс-қимылдың стратегиясы мен тактикасын айқындайтын бірыңғай, ғылыми негізделген және мемлекет сауатты іске асыратын саясат талап етіледі [2]. Бұл ретте қоғам дамуының тез өзгеріп отыратын жағдайларын және әлемдік қоғамдастықтың тәжірибесін ескере отырып, осы саладағы қарсы іс-қимыл шараларын ұдайы түзету қажет.

Міндеттері мен мақсаты. Мақаланың мақсаты – Канада мен АҚШ тәжірибесін сыни талдау негізінде кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын

қылмыстарға қарсы іс-қимылдың оң тәжірибесін анықтау болып табылады.

Негізгі бөлігі. Мемлекеттік саясат пен бағдарламалар деңгейінде Канада балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықпен күресудің кезеңді тәсілін ұстанады және балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық аспектілеріне қатысты келесі төрт ұлттық стратегияға ие:

- Балаларды интернеттегі жыныстық қанаудан қорғаудың ұлттық стратегиясы (The National Strategy for the Protection of Children from Sexual Exploitation on the Internet)¹;

- Жыныстық белгісі бойынша зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес стратегиясы (The Strategy to Prevent and Address Gender-Based Violence)²;

- Адам саудасына қарсы күрестің 2019-2024 жылдарға арналған стратегиясы (The Strategy to Combat Human Trafficking 2019-2024)³;

- Балаларға қатысты зорлық-зомбылықты тоқтату жөніндегі канадалық жол картасы (The

¹ Child Sexual Exploitation on the Internet [Electronic resource] – Access mode: <https://www.publicsafety.gc.ca/cnt/cntrng-crm/child-sxl-xpllttn-ntrnt/index-en.aspx#a1> (Access data: 05.10.2022).

² The Gender-Based Violence Strategy [Electronic resource] – Access mode: <https://women-gender-equality.canada.ca/en/gender-based-violence-knowledge-centre/gender-based-violence-strategy.html> (Access data: 05.10.2022).

³ National Strategy To Combat Human Trafficking 2019-2024 [Electronic resource] – Access mode: <https://www.publicsafety.gc.ca/cnt/rsrscs/pblctns/2019-ntnl-strtg-y-hmnn-trffc/index-en.aspx> (Access data: 05.10.2022).



Canada's Roadmap to End Violence Against Children)⁴.

Осы стратегияларды іске асыруға қаржыландыруды келесі бағыттар бойынша ұлғайту көзделген:

- интернеттегі балаларды жыныстық қанауға қарсы күрестің жаңа құралдарын әзірлеу және қолданыстағы құралдарының тиімділігін қолдау үшін халықаралық деңгейде цифрлық Индустрия көшбасшыларымен өзара іс-қимылды жандандыру (соның ішінде Интернеттегі балалардың жыныстық зорлық-зомбылық туралы материалдарды анықтауға және жоюға көмектесетін С3р's Project Arachnid жобасын қоса алғанда);

- зерттеулер жүргізуді, жұртшылықты тартуды, хабардарлықты арттыруды және мүдделі тараптармен (қоғамдық ұйымдармен) ынтымақтастықты қоса алғанда алдын алу іс-шараларын кеңейту;

- балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және ақпараттандыру бойынша жергілікті құқық қорғау органдарының әлеуетін нығайту (Интернеттегі балаларды жыныстық қанауға байланысты тергеулер үшін байланыс орталығын дамыту).

Халықаралық деңгейдегі цифрлық индустрия көшбасшыларымен қаржыландырылатын өзара іс-қимылдың бір бағыты – Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, АҚШ және Ұлыбританияның «Five Eyes» Қауіпсіздік альянсының Microsoft, Twitter, Facebook, Google, Snap және Roblox сияқты цифрлық индустрия көшбасшыларымен балалардың Интернеттегі жыныстық қанауы туралы бірлескен жұмысы екенін айта кету керек. Мұндай ынтымақтастық ең маңыздыларының бірі болып көрінеді, себебі арнайы зерттеулердің деректері бойынша қазіргі уақытта қылмыскерлердің балаларды жыныстық қанауға қол жеткізуінің негізгі құралы Интернет болып табылады [3].

Бұл стратегияларды іске асыруды Канаданың Қоғамдық қауіпсіздік министрлігі Канаданың Әділет министрлігімен және Канаданың Корольдік полициясымен бірлесе отырып жүзеге асырады. Сондай-

ақ Канада Әділет министрлігі заңнаманы жетілдірумен, федералды серіктестер мен мүдделі тараптарды оқытумен және қолдаумен айналысады.

Зерттеушілердің байқауынша, бүкіл АҚШ-та тым көп балалар мен жастардың құқықтары мен денсаулығын бұзып, балаларды, соның ішінде отбасында да жыныстық қанау орын алуда [4]. Осыған байланысты АҚШ үкіметі осы қылмыстардың алдын алу бойынша шаралар қабылдауда.

АҚШ президенті Джордж У. Буш 2006 жылғы 27 шілдеде Адам Уолштың балаларды қорғау және қауіпсіздігі туралы Федералдық заңына (The Adam Walsh Child Protection and Safety Act, бұдан әрі – Адам Уолш Заңы) қол қойды. Бұл Заң Жыныстық қылмыскерлерді тіркеу және хабарлау туралы заң ретінде де белгілі (The Sex Offender Registration and Notification Act (SORNA)).

Адам Уолш Заңының ережелері төрт санатқа бөлінеді: жыныстық қылмыскерлерді тіркеудің қайта қаралған жүйесі, балалар мен жыныстық қатынасқа қатысты федералды қылмыстық және іс жүргізу заңнамасына түзетулер, балаларды қорғауға арналған гранттар бағдарламалары және жыныстық қылмыскерлер мен балаларды қудалайтындардың әрекеттерін алдын алуға және оларды жазалауға бағытталған басқа да бастамалар.

Адам Уолш Заңының 4248-бөлімі жыныстық қылмыскерлерді жасалған қылмысқа сәйкес келесі үш деңгейге жіктейді және түрмеден шыққаннан кейін оларды міндетті түрде тіркеуді талап етеді:

- 1-деңгейдегі жыныстық қылмыскерлер 10-15 жыл тіркелуде болуы керек, олардың орналасқан жері туралы ақпарат жылына бір рет жаңартылады;

- 2-деңгейдегі жыныстық қылмыскерлер – 25 жыл бойы әр алты айда жаңартылып отырады;

- 3-деңгейдегі жыныстық қылмыскерлер (ең ауыр деңгей) әр үш айда бір рет жаңартылып, өмір бойы 25 жыл ішінде тіркелуі керек.

Тіркеуден және ақпаратты жаңартудан жалтару қылмыс деп танылады.

⁴ A Pathfinding Country – Canada's Road Map to End Violence Against Children [Electronic resource] – Access mode: <https://www.canada.ca/en/public-health/services/publications/healthy-living/road-map-end-violence-against-children.html> (Access data: 05.10.2022).



Әрбір штат кем дегенде 2 және 3 деңгейдегі құқық бұзушылар туралы ақпаратты жариялауға міндетті.

Адам Уолштың Заңына сәйкес барлық мемлекеттік жыныстық қылмыскерлердің тізілімдері бір ұлттық мәліметтер базаға біріктіріліп, әр штатқа қылмыскерлер туралы мәліметтерді (қылмыскердің аты, мекенжайы, туған күні, жұмыс орны, фотосы және т.б.) жариялау үшін бірдей критерийлерді қолдануға нұсқау береді.

Жыныстық қылмыскерлердің ұлттық қоғамдық веб-сайты (the Dru Sjodin National Sex Offender Public Website (NSOPW))⁵ – бұл АҚШ Әділет министрлігі мен штаттар, аумақтар және тайпалар (бұдан әрі – Юрисдикция) арасындағы серіктестік негізінде бүкіл ел бойынша жыныстық қылмыскерлер туралы деректерге жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы қоғамдық қауіпсіздікке ықпал ететін ресурс.

Бұл веб-сайт 2005 жылы жыныстық қылмыскерлердің Ұлттық мемлекеттік тізілімі ретінде құрылды (the National Sex Offender Public Registry (NSOPR)), содан кейін Адам Уолш Заңымен NSOPW болып өзгертілді.

NSOPW – бұл АҚШ-тың мемлекеттік, аумақтық және тайпалық жыныстық қылмыскерлердің тізілімін бір ұлттық іздеу сайтында біріктіретін жалғыз үкіметтік веб-сайт. Ата-аналар, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі тұлғалар пайдалана алады. Осы веб-сайтты өз аудандарында ғана емес, сонымен қатар басқа да жақын орналасқан штаттар мен қоғамдастықтарда тұратын, жұмыс істейтін және мектепке баратын жыныстық қылмыскерлердің және орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін пайдалана алады. Сонымен қатар веб-сайт пайдаланушыларға жыныстық зорлық-зомбылық, қауіпсіздік шаралары және ықтимал құрбан болу қаупін азайту туралы ақпарат береді⁶.

NSOPW жыныстық қылмыскерлер туралы ақпаратты бірнеше іздеу нұсқаларын ұсынады:

- ұлттық деңгейде немесе жеке юрисдикцияда атауы бойынша іздеу;

- мекен-жай бойынша іздеу (егер юрисдикция берген болса);

- пошта индексі бойынша іздеу;

- аумақ бойынша іздеу (егер юрисдикция берген болса);

- қала/елді мекен бойынша іздеу (егер юрисдикция берген болса).

Ақпаратты NSOPW.gov немесе федералды үкімет емес әр юрисдикция орналастырады. Іздеуге болатын іздеу критерийлері әр жеке юрисдикция бере алатын ақпаратпен шектелген. Іздеу нәтижелерін қосымша ақпарат және/немесе ұсыныстар алу үшін жеке юрисдикцияның мемлекеттік тізілімінің веб-сайтына кіру арқылы тексеруге болады.

NSOPW веб-сайтына қоса, Apple App Store немесе Google Play дүкенінен жүктеуге болатын тегін мобильді қосымша бар. Мобильді қосымша пайдаланушыларға құрылғының орналасқан жері негізінде географиялық радиусы бойынша іздеуге мүмкіндік беретін қосымша функциямен NSOPW.gov іздеу мүмкіндіктеріне бірдей ие.

Адам Уолш Заңы сонымен қатар Ұлттық мәліметтер базасын (the Combined DNA Index System (CODIS)) құруды, оның ішінде ДНҚ дәлелдерін және ДНҚ тізілімін жинауды, сондай-ақ спутниктік радионавигациялық жүйенің (the Global Positioning System technology (GPS)) технологияларын қолдана отырып, жазасын өтеген жыныстық қылмыскерлерді бақылауды реттейді.

CODIS құрамына Біріктірілген ДНҚ индексі жүйесі (The National DNA Index System (NDIS)), Қылмыстық сот төрелігінің ДНҚ мәліметтер базасының ФТБ қолдау бағдарламасы және осы мәліметтер базаларды іске қосу үшін қолданылатын бағдарламалық жасақтама кіреді.

NDIS құрамында федералды, штаттық және жергілікті сот-медициналық зертханалар берген ДНҚ профильдері бар. 2021 жылдың қазан айындағы жағдай бойынша NDIS-те 14 836 490-нан астам қылмыскерлердің профильдері, 1,4 513 955 қамауға алынған профильдер және

⁵ Dru Sjodin National Sex Offender Public Website [Electronic resource] – Access mode: https://smart.ojp.gov/sites/g/files/xyckuh231/files/smartwatch/10_winter/dru.html (Access data: 05.10.2022).

⁶ Safety and education [Electronic resource] – Access mode: <https://www.nsopw.gov/en/SafetyAndEducation> (Access data: 05.10.2022).



1 144 255 сот сарапшыларының профильдері бар⁷.

Деректер базасында қамауға алынған немесе ұсталған құқық бұзушылардың есімдері немесе басқа жеке куәліктері сақталмайды (NDIS-те сақталған хабар-ошарсыз кеткен адамдар туралы жазбалар үшін туған күні сияқты қолжетімді метадеректер қосылуы мүмкін).

Тек келесі ақпарат сақталады және оны федералды деңгейде табуға болады:

- ДНҚ профилі – әр түрлі талданатын локустардағы сәйкестендіру сипаттамаларының жиынтығы немесе сандық ұсыну;

- ДНҚ профилін жіберген агенттіктің идентификаторы;

- үлгінің сәйкестендіру нөмірі – үлгіні іріктеу кезінде рет-ретімен берілетін реттік нөмір. Бұл нөмір жеке тұлғаның әлеуметтік сақтандыру нөміріне, қылмыстық тарих идентификаторына немесе түзету мекемесінің идентификаторына сәйкес келмейді;

- ДНҚ профилін талдаумен байланысты ДНҚ зертханасы қызметкерлерінің деректері⁸.

CODIS-ті қолдану келесідей: жыныстық зорлық-зомбылық жағдайында жәбірленушіде жағындылар негізінде дәлелдемелер жиынтығы жиналады. Осы жиынтықтан күдікті қылмыскердің ДНҚ профилі жасалады, ол кейіннен сотталған қылмыскерлер мен қамауға алынған мемлекеттің профильдерінің мәліметтер базасының профильдерімен салыстырылады (егер бұл мемлекет қамауға алынған ДНҚ үлгілерін жинауға және сақтауға уәкілеттік берілген болса, сотталған қылмыскерлер мен қамауға алынған адамдардың индекстерінде болады). Сәйкестік болған жағдайда сот-медициналық зертхана күдікті қылмыскердің жеке басын анықтау үшін қосымша зерттеу жүргізеді.

Күдіктінің ДНҚ профилі қылмыс орнынан алынған ДНҚ профильдерінің мәліметтер базасы арқылы да тексеріледі (the Forensic Index). Егер зерттелетін үлгімен сәйкес келсе,

зертхана растау процедураларын жүргізеді. Расталған жағдайда сәйкестік екі немесе одан да көп қылмыстармен бірге болады, бұл тергеу жүргізетін құқық қорғау органының қосымша нұсқаларын жасауға мүмкіндік береді.

Үлгілердің Базадағы деректермен сәйкес келуі одан әрі зерттеу үшін қылмыскердің биологиялық үлгілерін алуға соттың санкциясын алуға негіз болып табылады.

CODIS бағдарламасының тиімділігі, оның ішінде NDIS, ФТБ-сымен олардың көмегімен ашылған қылмыстардың санымен өлшенеді, ол үшін сәйкестіктің әр фактісі «Тергеуге көмек» деп аталады (the «Investigations Aided»). ФТБ-ның мәліметтері бойынша, 2021 жылдың қазан айында CODIS 587 773-тен астам үндеулер бойынша қолданылды және 574 343-тен астам тергеулерде көмек көрсетті⁹.

Алайда, ФТБ-сы да, жергілікті зертхана да, әдетте, анықталған сәйкестіктерді пайдалану нәтижелері туралы (айып тағылды ма, жоқ па) хабардар етілмейді.

Сонымен қатар Сотталған жыныстық қылмыскерлердің ДНҚ мәліметтер базасы толық емес болып табылады. Вашингтон штатының Бас прокуроры Б. Фергюсон қылмыстық іс бойынша сотталғаннан кейін ДНҚ үлгілерін заңсыз бермеген 635 тіркелген жыныстық құқық бұзушылар анықталғанын мәлімдеді. Прокуратура мен штаттың құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысының нәтижесінде тіркелген 635 жыныстық құқық бұзушының 345-і құқық қорғау органдарына ДНҚ үлгілерін берді, қалған ДНҚ деректері 107 құқық бұзушының қайтыс болуына және басқа жерде орналасқан жері туралы ақпараттың болмауына байланысты жиналмады. CODIS-ке енгізілген жыныстық қылмыскерлердің ДНҚ-ның 345 профилінің 6-сынан сәйкестіктер анықталды. Бұл ретте олар бойынша ешқандай айып тағылған жоқ. Бұл проблеманың пайда болуы айыптау үкімі шығарылғаннан кейін ДНҚ жинаудың бірыңғай әдісінің дамымауымен және сәйкесінше әр

⁷ CODIS – NDIS Statistics [Electronic resource] – Access mode: <https://le.fbi.gov/science-and-lab-resources/biometrics-and-fingerprints/codis/codis-ndis-statistics> (Access data: 05.10.2022).

⁸ Frequently Asked Questions on CODIS and NDIS [Electronic resource] – Access mode: <https://www.fbi.gov/services/laboratory/biometric-analysis/codis/codis-and-ndis-fact-sheet> (Access data: 05.10.2022).

⁹ CODIS – NDIS Statistics [Electronic resource] – Access mode: <https://le.fbi.gov/science-and-lab-resources/biometrics-and-fingerprints/codis/codis-ndis-statistics> (Access data: 05.10.2022).



аумақта әртүрлі процедураларды қолданумен байланысты¹⁰.

Сонымен бірге Адам Уолш Заңы федералды деңгейде штаттың құқық қорғау органдарына жыныстық қылмыскерлерді, соның ішінде кәмелетке толмағандардың Интернеттегі жыныстық қанауын бақылау жүйесін қолдауға және жетілдіруге көмектесу үшін қаражат бөлуді қарастырады. Сондай-ақ Адам Уолштың Заңына сәйкес зардап шеккендер азаматтық іс бойынша 150 000 АҚШ долларға дейін өтемақы алуға құқылы¹¹.

Ішінара Қазақстандағы CODIS бағдарламасының аналогы, енгізілуі 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрған дактилоскопиялық, геномдық ақпаратты жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі ережелерді қоспағанда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №40-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңында көзделген. Сонымен қатар мамандардың бағалауы бойынша биометриялық және ақпараттық жүйені құруға шамамен 38 миллиард теңге қажет, сондай-ақ осы жобаның қауіпсіздігі бойынша халықтың хабардар болуы және осы мәліметтерге үшінші тұлғалардың қолжеткізуін шектеу туралы мәселелер де өзекті¹².

Дамыған елдерде балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша үлкен жұмыс қоғамдық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, АҚШ-та балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау туралы заңдардың қабылдануы халықтың белсенді азаматтық ұстанымының нәтижесі болып табылады. Мысалы, NSOPW қоғамдық қозғалыстың арқасында колледж студенті Дру Сьюдиннің Гранд-Форкстан жыныстық қылмыскермен ұрланып, өлтіруіне байланысты құрылды. Адам

Уолш Заңы Флоридадағы сауда орталығынан 7 жасар Адам Уолшты ұрланғаннан кейін 25 жыл өткеннен кейін қабылданды. Оның әкесі Джон Уолш, жоғалған және пайдаланылған балалар істері жөніндегі ұлттық орталықтың негізін қалаушы (the National Center for Missing and Exploited Children (NCMEC)), басқа балалар қорғаушыларымен, оның ішінде ұрланған және өлтірілген балалардың ата-аналарымен бірге осы заңды қабылдау науқанын өткізді.

Қазақстандағы осы бағыттағы қоғамдық қозғалыс АҚШ-пен салыстырғанда даму үстінде. Қазақстанда өмірлік қиын жағдайға душар болған балалар мен отбасыларға әлеуметтік, заңдық, психологиялық көмек көрсетумен 132-ге жуық үкіметтік емес ұйым бар, олардың ішінде неғұрлым белсенділері: «Қазақстанның дағдарыс орталықтарының одағы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Ұлағатты жанұя» қоғамдық бірлестігі, «Қазақстанның балалар қоры» қоғамдық қоры, «Angel24KZ» балалар қауіпсіздігі орталығы, «Сана сезім» әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы, «Құқық» қоғамдық қоры және т.б.¹³.

Оған қарамастан, олардың арасында кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық мәселесіне бағытталған ұйымдар әлі де жеткіліксіз. «Qorgan» еріктілер қозғалысы балаларға жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ағартумен айналысады, кәмелетке толмағандарға психологиялық қолдау көрсетеді, әлеуметтік желілер арқылы халықты оқытады. Аталған қозғалыс Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Сәтпаев, Семей, Орал қалаларында ұйымдастырылды. Зарина Джумагулова балалар қауіпсіздігі бойынша тренерлерді даярлау мектебін және «Angel24KZ» балалар қауіпсіздігі орталығының негізін қалады, онда балаларды қауіпті және төтенше жағдайларда әрекет етуге үйрету бойынша «Жеке қауіпсіздік PRO» авторлық

¹⁰ AG Ferguson's lawfully owed DNA project identifies 635 registered sex offenders owing DNA, collects samples from hundreds [Electronic resource] – Access mode: <https://www.atg.wa.gov/news/news-releases/ag-ferguson-s-lawfully-owed-dna-project-identifies-635-registered-sex-offenders> (Access data: 05.10.2022).

¹¹ Overview of the Adam Walsh Act [Electronic resource] – Access mode: <https://www.bayarea-attorney.com/CM/Articles/Overview-of-the-Adam-Walsh-Act.asp> (Access data: 05.10.2022).

¹² Насколько Казахстан готов к внедрению геномной регистрации? [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.soros.kz/ru/how-ready-is-kazakhstan-for-the-introduction-of-genomic-registration/> (дата обращения: 05.10.2022).

¹³ Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 ж. 28 желтоқсандағы №942 қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P210000942> (жүгінген күні: 05.10.2022).



тренинг-курсы негізінде сабақтар өткізіледі. Бұл бағытта жұмыс істейтін басқа да шағын топтар мен адамдар бар [5]. Алайда, мемлекеттік қолдау арқылы қоғамдық қозғалыс жүйелі сипатқа ие болып, сол арқылы жыныстық зорлық-зомбылықтың ерте алдын алуға ықпал ететін сияқты. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың бірлескен жұмысы халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруға үлес қосатын болады.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандардың негізінде:

- мүдделі органдарға (БП, ІІМ, Әділет министрлігі және т.б.) NSOPW-ге ұқсас азаматтардың жыныстық қолсұғылмаушылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай мемлекеттік веб-сайт құру жөніндегі АҚШ-тің тәжірибесін зерттеу;

- мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың тең құқылы әріптестігін қалыптастыруы және билік құрылымдарының

позициясын өзгерту арқылы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекетке қарсы тұрған құрылымдар ретінде қабылдаудан бас тарту;

- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының негізінде қызметі осы тақырыпқа байланысты қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық белгілерін және жыныстық сипаттағы девиантты мінез-құлықты анықтау бойынша оқыту тренингтерін әзірлей отырып, гранттық зерттеу жүргізу;

- халықтың, оның ішінде білім беру ұйымдары қызметкерлерінің және ата-аналардың кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық және девиантты мінез-құлық белгілерін анықтау бойынша сауаттылығы мен хабардарлығын, сондай-ақ ата-аналарды зорлық-зомбылықсыз педагогика әдістеріне оқытуды мемлекеттік деңгейде қамтамасыз ету орынды болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Rudes, D.S. Sex logics: Negotiating the prison rape elimination act (PREA) against its' administrative, safety, and cultural burdens [Electronic resource] / D.S. Rudes, S. Magnuson, S. Portillo, A. Hattery // *Punishment & Society*. – 2021. – №23(2). – pp. 241-259. – Access mode: <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/1462474520952155> (Access data: 05.10.2022).

2. Shields, R.T. The Gender Gap in Sex Offender Punishment [Electronic resource] / R.T. Shields, J.C. Cochran // *J Quant Criminol*. – 2020. – №36. – pp. 95-118. – Access mode: https://link.springer.com/article/10.1007/s10940-019-09416-x?fbclid=IwAR3CVvFfa6qjSKrV3kvQdQHh18vazaQeLDjvBkUBL_cEgX9GwlaWnOdlwsM#citeas (Access data: 05.10.2022).

3. Napier, S. How do child sexual abuse live streaming offenders access victims? / S. Napier, C. Teunissen, H. Boxall // *Trends & issues in crime and criminal justice*. – 2021. – №642 (December). – pp. 1-18.

4. Franchino-Olsen, H. Vulnerabilities Relevant for Commercial Sexual Exploitation of Children / Domestic Minor Sex Trafficking: A Systematic Review of Risk Factors [Electronic resource] / H. Franchino-Olsen // *Trauma, Violence, & Abuse*. – 2019. – №20(10). – Access mode: <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/1524838018821956> (Access data: 05.06.2022).

5. Vaigorova, L. Activist movement in social networks in Kazakhstan on rape and sexual violence / L. Vaigorova, Y. Kumar, B. Baktybayev // *Bulletin «Sociological And Political Sciences»*. – 2021. – №74. – pp. 108-116.

References:

1. Rudes, D.S. Sex logics: Negotiating the prison rape elimination act (PREA) against its' administrative, safety, and cultural burdens [Electronic resource] / D.S. Rudes, S. Magnuson, S. Portillo, A. Hattery // *Punishment & Society*. – 2021. – №23(2). – pp. 241-259. – Access mode: <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/1462474520952155> (Access data: 05.10.2022).

2. Shields, R.T. The Gender Gap in Sex Offender Punishment [Electronic resource] / R.T. Shields, J.C. Cochran // *J Quant Criminol*. – 2020. – №36. – pp. 95-118. – Access mode: https://link.springer.com/article/10.1007/s10940-019-09416-x?fbclid=IwAR3CVvFfa6qjSKrV3kvQdQHh18vazaQeLDjvBkUBL_cEgX9GwlaWnOdlwsM#citeas



com/article/10.1007/s10940-019-09416-x?fbclid=IwAR3CVvFfa6qjSKrV3kvQdQHh18vazaQeLDjvB-kUBL_cEgX9GwlaWnOdlwsM#citeas (Access data: 05.10.2022).

3. Napier, S. How do child sexual abuse live streaming offenders access victims? / S. Napier, C. Teunissen, H. Boxall / Trends & issues in crime and criminal justice. – 2021. – №642 (December). – pp. 1-18.

4. Franchino-Olsen, H. Vulnerabilities Relevant for Commercial Sexual Exploitation of Children / Domestic Minor Sex Trafficking: A Systematic Review of Risk Factors [Electronic resource] / H. Franchino-Olsen // Trauma, Violence, & Abuse. – 2019. – №20(10). – Access mode: <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/1524838018821956> (Access data: 05.06.2022).

5. Vaigorova, L. Activist movement in social networks in Kazakhstan on rape and sexual violence / L. Vaigorova, Y. Kumar, B. Baktybayev // Bulletin «Sociological And Political Sciences». – 2021. – №74. – pp. 108-116.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Бибігүл Аманжолқызы Құлмұханбетова – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты Қылмыстық саясат және криминология проблемаларын зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, құқықтану доценті, гуманитарлық ғылымдар магистрі (Уорик университеті), e-mail: kuba07@inbox.ru.

Кулмуханбетова Бибигуль Аманжоловна – главный научный сотрудник Центра исследования проблем уголовной политики и криминологии Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук, доцент правоведения, магистр гуманитарных наук (Университет Уорика), e-mail: kuba07@inbox.ru.

Kulmukhanbetova Bibigul Amanzholovna – Chief Researcher of the Center for research on criminal policy and criminology of the Interdepartmental research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, Associate Professor of Law, Master of humanitarian science (University of Warwick), e-mail: kuba07@inbox.ru.